

"Биомедпрепарат" медициналық препараттарын перспективалық тұрғыда әзірлеп, өндіретін Қазақстан ғылыми-өндірістік кешенінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 2 желтоқсан 1992 ж. N 1012

"Биомедпрепарат" медициналық препараттарын перспективалық тұрғыда әзірлеп, өндіретін Қазақстан ғылыми-өндірістік кешенін ("Биомедпрепарат" ҚҒӨК-і) дамыту және республиканың халқы мен емдеу-алдын алу мекемелерін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен "Биомедпрепарат" ҚҒӨК-ін дамытудың 1992-1995 жылдарға арналған бағдарламасы мақұлдансын.

Дәрі-дәрмек препараттарын және медициналық мақсаттағы бұйымдарды өндіру жөніндегі тапсырмалар қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Биомедпрепарат" ҚҒӨК-і медициналық, мал дәрігерлік мақсаттағы жаңа препараттар мен өсімдік қорғау құралдарын әзірлеу жөніндегі ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізілуін, өндірістік қуаттарды қайта құру мен оларды шығарудың жаңа технологияларын игеруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемэкономкомы, Денсаулық сақтау министрлігі, Материалдық ресурстармині, Ақмола облысының әкімі, "Биомедпрепарат" ҚҒӨК-інің, "Прогресс" өндірістік бірлестігінің және басқа мүдделі тараптардың қатысуымен дәрі-дәрмек препараттарын шығаратын өндірістік қуаттарды қайта құру мен игеруді жеделдету бағыттарын қарастырсын. Үкіметтің шешімін талап ететін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныстар енгізсін.

4. "Биомедпрепарат" ҚҒӨК-іне Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Өнеркәсіптің қорғаныс салалары кәсіпорындарының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы" 1992 жылғы 10 наурыздағы N 203 қаулысында қорғаныс өнеркәсібінің кәсіпорындары үшін көзделген тиісті жеңілдіктер қолданылсын (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ, 1992 ж., N 10, 174 бап).

5. Қазақстан Республикасының Мемэкономкомы "Биомедпрепарат" ҚҒӨК-ін өмірлік маңызы бар дәрі-дәрмек препараттарын шығару үшін конверсиялауды жеделдету, кадрларды, ғылыми-техникалық және өндірістік әлеуетті сақтау мақсатында 1992 жылдың 9 айының қорытындылары бойынша Инвестиция қорын нақтылаған кезде кешенге 1992 жылғы IV тоқсанда қаржы бөлінуін көздейтін болсын.

Қазақстан Республикасының Мемэкономкомы, Денсаулықмині, Ақмола облысының әкімі жылдық болжам-жоспарлардың жобаларын әзірлеген кезде дәрі-дәрмек

препараттарын шығаруды қамтамасыз ету үшін қажетті қаржы бөлуді көздесін.

Қазақстан Республикасының Мемэкономкомы "Биомедпрепарат" ҚҒӨК-іне өндірістік қуаттарды қайта құру және дәрі-дәрмек препараттарын шығарудың жаңа технологияларын игеру үшін 1993 жылы Инвестиция қорынан қажетті қаржы бөлінуін көздесін.

Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технология министрлігі 1993 жылдан бастап "Биомедпрепарат" ҚҒӨК-іне ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізу үшін республикалық "Денсаулық" ғылыми-техникалық бағдарламасына бөлінетін қаржы көлемінде қажетті бюджет қаржысын көздейтін болсын.

6. Қазақстан Республикасының Материалдық ресурстар министрлігі өндірістік қуаттарды қайта құру және жаңа технологияларды игеру үшін қажет материалдық-техникалық ресурстарды белгіленген тәртіппен бөлуді көздесін.

7. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігімен және "Биомедпрепарат" ҚҒӨК-імен бірлесіп импорттық жабдықтарды сатып алу жөнінде шетел фирмаларымен контрактылар жасау мәселесін пысықтасын.

8. Қазақстан Республикасының Мемэкономкомы мен Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі "Биомедпрепарат" ҚҒӨК-іне шығарылатын дәрі-дәрмек препараттарын еркін бағалармен сатуға жыл сайын квота белгілесін.

9. Қазақстан Республикасының Мемэкономкомы Қазақстан

Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен және "Биомедпрепарат" ҚҒӨК-імен бірлесіп қорғаныс өнеркәсібі саласы кәсіпорындарын конверсиялаудың республикалық бағдарламасына кешенді кіргізу жөнінде бір айлық мерзімде қажетті есеп-қисаптар мен негіздемелерді әзірлеп, белгіленген тәртіппен ұсыныстар енгізетін болсын.

10. Ақмола облысының әкімі "Биомедпрепарат" ҚҒӨК-іне дәрі-дәрмек препараттарын өндіруді ұйымдастыру жөнінде белгіленген шараларды жүзеге асыруда қажетті көмек көрсетсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 2 желтоқсандағы

N 1012 қаулысына
Қосымша

Дәрі-дәрмек препараттарын және медициналық
мақсаттағы бұйымдарды өндіру жөніндегі

Тапсырма
(Кесте)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК